Балалар
жылы
2022

№3 (51) Қараша 2022

Қазақстан балалары

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН
ҚОРҒАУ КОМИТЕТІНІҢ
СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

74 25 28
АСТАНА Қ. КОДЫ:
8 (7172)

Қымбатты дос!

Сенім телефоны арқылы көмектесу құпия және тегін!

Әрбір адам өмірінде қиын жағдайға тап болуы мүмкін. Сенім телефоны сізге көмек қолын созып, қандай жағдай болмасын, тығырықтан шығар жолды табуыңызға көмектеседі. Сенім телефонының көмегіне балалар да, ересектер де жүгіне алады. Әрбір адамның арыз-шағымы тыңдалып, білікті маманның кеңесі беріледі.

Барлығымыздың да көңіл-күйіміз сәт сайын өзгеруі мүмкін, қуаныш пен бақыттан бас айналып, артынша, өмірден баз кешіп кете жаздайтын жағдайлар кездеседі. Сондықтан да маманмен кеңесіп тұрған абзал, соның көмегінің арқасында дау-дамайдың және ойланбай істеген олқылықтардың алдын ала аласыз.

Құрметті оқырмандар!

Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі балалардың құқықтарын қорғау комитетінің қолдауымен телеграмм мессенджерінде 2019 жылдан бастап кәмелетке толмағандарға қатысты құқықтардың бұзылуын, зорлық-зомбылықты немесе қатыгез қарым-қатынасты анықтау мақсатында құрылған «Bala Qorgau» чаты жұмыс істейді. Өтініштерге жедел жауап беру мақсатында 24/7 режимінде Balaqorgaubot2.0 телеграм-боты іске қосылды. Балалардың қауіпсіздігі мен амандығы біздің қолымызда!

BALAQORGAUBOT2.0

8 (7172) 74 25 28

ХАБАРЛАСЫҢЫЗ

СІЗГЕ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ КӨМЕКТЕСЕДІ!

Қымбатты оқырмандар – білімге құштар оқушылар, ұлағатты ұстаздар мен құрметті ата-аналар!

Қымбатты оқырмандар – білімге құштар оқушылар, ұлағатты ұстаздар мен құрметті ата-аналар!

Журналымыздың осы санында Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің жанынан құрылған Балалар өкілдігіне мүше, көпке үлгі болуға лайық оқушылардың қоғам өмірін жақсартуға, жас өрендердің білімге құлшынысын арттыруға ықпал ететін өзекті ой-пікірлеріне басымдық бердік. Сонымен қатар ол оқушылар арасында қаламды серік еткен, сөзден сурет салған ақын да; 14 жасында заманға сай кәсіп бастап, бизнесін дөңгелетіп отырған да бар. Сабақпен қатар қоғамдық жұмысты қатар алып жүрген оқушылар жайлы осы саннан оқи аласыздар.

Алаш зиялылары дегенде ең алдымен олардың өлең-жырлары мен прозасын ойлаймыз. «Сегіз қырлы, бір сырлы» азаматтар ғылымның түрлі саласында өзіндік із қалдырғаны белгілі болғанымен, көбіміз жете таныс емеспіз. Осы мақсатта Мағжан Жұмабай мен Жүсіпбек Аймауытұлының педагогика, психология саласында жазған ғылыми еңбектеріне шолу жасадық.

Қазақ жетімін жылатпаған халық дейміз. Иә, кезінде бұл бір рулы елге қарата айтылатын еді, қазір мұны жалпы халыққа қарата қолданса да болғандай. «Бала асырап алу – жауапты іс» деген мақаладан ұлтына қарамай он бір баланы бауырына басқан Мұрат Қабылбаев пен он үш баланы құшағына сыйдырған Құралай Жұмабекқызы жайлы жаздық.

Бұл журналды мектеп оқушылары, сол оқушылардың айналасындағы мұғалімдері мен ата-аналары оқитыны белгілі. Тек 11-сыныпқа келгенде емес, одан ертерек мамандық, университет таңдау ісіне жауапкершілікпен қараса екен деген оймен, шетелде оқып жүрген, дәлірек айтқанда АҚШ-тың Бостан қаласында оқып жүрген қазақ балалары жайлы «Пример для своих: студенты-казахстанцы из Бостана» атты мақаламызды ұсындық, ал «Взгляд по новому: филиалы зарубежных вузов в Казахстане» атты мақаламыздан техникалық мамандықтарды оқытуға басымдық беретін, елімізде ашылып жатқан шетелдік университеттердің филиалы жайлы біле аласыз.

Осы саннан да өзіңізге түртіп алар маңызды дүние табасыз деп сенеміз! Кәдеңізге жарасын!

Құрметпен,
Байбөлекова Лейла

Қазақстан балалары

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ /
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
№3 (51) Ноябрь 2022

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:
БАЙБУЛЕКОВА Л.А., кандидат экономических наук, профессор

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ:
ОСПАНОВА Н.Ж.
ПАУЛИ Э.С.
ЖЕКЕБАЕВ Д.Ш.
МАКТАЕВА Д.Т.
ИБРАЕВА С.А.
ИСМУХАНОВА Л.И.
МАКУЛБЕКОВА А.Е.

ФОТО, ДИЗАЙН И ВЕРСТКА:
ВЕРОВСКАЯ Ю.В.

КОРРЕКТОРЫ:
БЕКБЕРГЕНОВА Б.И.
СЕДИНА Т.В.

АДРЕС РЕДАКЦИИ:
А15А0Е6, г. Алматы, бульвар Бухар Жырау, 27/5, оф. 589
Тел.: +7 (7272) 322-401
Email: info@reindeer.kz

СОБСТВЕННИК ЖУРНАЛА:
Республиканское государственное учреждение «Комитет по охране прав детей Министерства просвещения Республики Казахстан»

ПЕРИОДИЧНОСТЬ ИЗДАНИЯ ЖУРНАЛА:
один раз в квартал

Регистрационное свидетельство № 10900-Ж от 30 апреля 2010 г., выдано Комитетом информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан.

За точность фактов и достоверность информации ответственность несут авторы материалов.

Отпечатано в ТОО «Reindeer Advisory»
Заказ № 3
Тираж 100 экз.

www.qazaqstanbalalary.kz

ҚОС АРЫС:

Мағжан Жұмабай мен Жүсіпбек Аймауытұлының білім саласындағы еңбегі

Ақылбек Әділбаев
Қызылорда облысы Қармақшы ауданы
ІІІ Интернационал ауылы
№108 орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Алаш азаматтарын біз көбіне көркем әдебиеті арқылы танимыз. Олардың ғылым саласындағы еңбегі осы проза, поэзиясының жанында көп айтылмай жатады. Мәселен, қазақтың «күннен туған», от ақыны Мағжан Жұмабайдың педагогика саласына сіңірген еңбегі, осы салада жазған мақалалары мен ғылыми әдебиеттеріне аса қанық емеспіз.

Мағжан Жұмабайдың дәл педагогика саласында ғылыми еңбек жазуы бекер емес. Ол – алғаш еңбек жолын мұғалім болып бастаған жан, ұзақ жылғы тәжірибесі, қырағы көрегендігінің арқасында қазаққа қажет, қазақ тұрмысына, психологиясына арнап жазған «Педагогика» деген еңбегі қазірдің өзінде өзектілігін жойған емес. Мағжан 1913–1916 жылдары Омбы мұғалімдер семинариясында білім алып, одан әрі педагогикалық қызметін жалғастырып кетеді. Сол жылдардан бастап жиған тәжірибесінің арқасында 1922 жылы «Педагогика», 1925 жылы «Бастауыш мектепте ана тілі», 1926 жылы «Сауатты бол» деген оқулық жазған.

«Педагогика» деген ғылыми еңбегі – төрт ірі бөлімнен, он бес шағын бөлімнен құралған кітап. Төрт ірі бөлімі ақыл тәрбиесі, құлық тәрбиесі, сұлулық және дене тәрбиесіне арналған. Автордың өзі кітапта бұл тәрбие түрлері туралы былай дейді: «Егер адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. ...Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын». Осы бөлімдерінде педагогика ғылымы мен қазақтың сол кездегі тұрмысын салыстыра отырып, ата-анаға да, мұғалімге де бірдей ақпарат береді. Бұл еңбегін қазақ педагогика ғылымы дамуының ұшар басында тұрған құнды дүние деп білеміз.

«Бастауыш мектепте ана тілі» деген еңбегінде төрт жылдық бастауыш мектеп кезінде балаға ана тілін толық сіңіріп, анық сөйлеуін қалыптастыратын, дамытатын дағдылар жүйесі жайлы жазып, нақты жаттығуларды көрсеткен. Еңбекте «Осы күнгі мектеп баласы ана тіліне өзінің емес, мұғалімнің тілі деп қарайтын болған» деген сөзі бар. Сол заманнан тілге төнген қатерді қырағы көңілі байқап, бағыт-бағдар берген.

Мағжан Жұмабай идеяларының қазіргі бағалау жүйесіне әсері

Мағжан Жұмабай қазір біз критериал деп атайтын бағалау жүйеміздегі кей мәселелерді «Педагогика» еңбегінде айтып кеткен, автордың айтқандары мен қазіргі бағалау жүйесі арасындағы байланысты осы жерден көре аласыз.

Өзін-өзі бағалау

Өзін бақылау деген сөз адамның, яғни жанның бір уақытта екі іс істеуі, әрі бақылаушы, әрі бақыланатын зат болуы деген болып шығады. Бұл істе мүмкіндік аз. Бұған мысал алайық. Менде ашу деген жан көрінісі болып тұр, яғни мен ашуланып тұрмын. Егерде мен осы ашуланып тұрғанымда осы ашу көрінісін бақылай бастасам, яғни ашудың тууына не себеп болды, ашу деген қандай нәрсе екен деп ойлай бастасам, сол ашу бұрынғы күйінде тұра ма? Әрине, тұрмайды. Мұндай ойға кірісумен ашудың күші кеми бастайды. Осы мен неге ашуланам деп ойлай бастасаң, ашуың біте қалады. Міне, өзін бақылаудың оңай емес екендігі осыдан көрінеді.

Кері байланыс

Баланың өзін мақтама, ісін мақта. Мақтағанда мақтауға тұрарлық ісін мақта. Баланың жеңіл істерін мақтай беру балада менмендік, ретсіз тәкаппарлық туғызады. Қайта бір жеңіл дұрыс ісі болса да, нашар шәкіртті мақтау керек. Қалайда мақтауға мырза болу жарамайды. Бір шәкіртті, бір баланы мақтау басқа балалардың рухын түсіреді, ынтасын өлтіреді. Ал енді жақсы оқуы, дұрыс құлқы үшін шәкірттерге сый (наград) беру, үлестіру тіпті дұрыс емес. Мұндайда сый алған балалар сый алу үшін ғана тырысып, кеуделеріне орынсыз менмендік, ретсіз тәкаппарлық кіріп, сый алмаған балалар күншіл һәм өзіне-өзі сенбейтін жасық болып шығады.

Қалыптастырушы бағалау

Балада жақсы оқысам – молдадан мақтау, сый аламын, жаман болсам – молдадан таяқ жеймін, ұрыс естимін деген ой болмасын. Мұндай болса, баланың іскерлігі соған жұмсалып, мұғалімнің беріп отырған сабағын шын ынтамен тыңдамайды.

Мұғалімнің бағалауы

Бала ылғи іске ұмтылады, бірақ бала не істеуге һәм қалай істеуге білмейді, сондықтан ол ересек адамдардың не істегенін, қалай істегенін өнеге қылады. Жас бала – жас шыбық, жас күнінде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзеймін десең, сындырып аласың.

Өзара бағалау

Жан көріністерін үйренудің екінші жолы – бақылау, яғни бір адамның өзінен басқа адамдардың жан көріністерін бақылауы. Бірақ, біз жоғарыда айтып өткеніміздей, жан көріністерін сыртқы сезімдермен бақылауға болмайды деп. Сондықтан басқа адамның жан көріністерін бақылау дегенде оның жан көріністерінің сыртқы белгілерін бақылау, тексеру керек деп ұғу керек. Мысалы, біреудің пішініне, қозғалуына, сөзіне, жүріс-тұрысына қарап, бақылап, солар бойынша жан көріністерін тексереміз.

Жиынтық бағалау

Баланы жазамен қорқыту еш дұрыс емес. Жазамен қорқытқанда бала нәрсені істегісі келіп істеп, болмаса істемегісі келіп істемейді емес, жазадан қорыққаннан ғана не істейді, не істемейді. Яғни бала өтірік айтуға, алдауға үйренеді. Баланы ұру, соғу ісі – адамшылыққа ұнамайтын іс. Ұрылып, соғылып тәрбие қылынған бала жанының бар жақсы мінездерінен, ақылынан, есінен айрылып, миғұла болады. Өтірікші, алдауыш болады. Су жүрек, жасқаншақ болады. Ұру баланың денесіне де көп зиян келтіреді.

Ойлау дағдыларының деңгейі

Тәрбиеші балаға түрлі істерді құлық көзінен салыстырып, сынатып үйретуге міндетті. Бала салыстырып, сынап үйренсе, құлық туралы белгілі берік бір ұғымға ие болады. Ол уақытта алдағы өмірінде дұрыс пен терісті, ізгі мен жауызды, ақ пен қараны дұрыс һәм жеңіл айыратын болады.

Жаңартылып басылған «Педагогика» еңбегі.

Баянауылдан шыққан Жүсіпбек Аймауытұлы десе, ең алдымен, есіңізге «Қартқожа», «Ақбілек» түсетін шығар. Мектеп кезінен таныс болып қалған шығармалардағы кейіпкерлерді де жатқа білетін боларсыз. Прозаның ақ өлеңін жазған, бір жазған дүниесін қайта өңдемейтін Жүсіпбек – тек көркем сөздің ұстасы емес, білім беру және психология саласында алғаш ғылыми еңбек жазған, осы салаларда көш бастаған ғалым.

Жүсіпбек Аймауытұлы «Абай» атты журналдың бас редакторы болған. Бұл 1918 жылдар еді. Сол уақытта көсемсөз ғана емес, тәрбиеге қатысты талай ғылыми материалдар жариялаған. Мәселен, 1922 жылы сол мақалалары жинақ болып шығып, **«Тәрбиеге жетекші»** деген атаумен тарады. Еңбекте автор әркімнің өз әдеті, ғұрпы, салты мен дәстүрі бала тәрбиесіне қалай әсер ететінін жазған. Кітап ішінде: «Адам мінезінің,

ақыл-қайратының әртүрлі болуы – тәрбиенің түрлі болуынан. Адамның ұрлық істеуі, өтірік айтуы, кісі тонауы, өлтіруі секілді бұзақылықтарды жасауы – тәрбиенің жетіспегенінен» деген сөзі бар.

«Комплекспен оқыту жолдары» атты еңбегі 1929 жылы жарық көрген. Басып шығарған «Қазақ» баспасы. Автор бұл кітабын «Мұғалімдерге, қайталама курстарға, тәрбие техникумдарына көмекші құрал» деп сипаттайды. Бұл еңбектің этнопедагогикаға қосқан үлесі зор, енді қадам басып, жүріп келе жатқан сол кездегі қазақ педагогика саласындағы орасан жаңалық болатын. Қанша дегенмен, өзі педтехникумда сабақ берген Жүсіпбек өз тәжірибесіне сүйеніп жазып шыққан болатын. Сонымен қатар теориялық негізін орыс авторлардан алып отырғанын жасырмайды, дегенмен ол ғалымдардың жазғандарын тікелей ала салмай, оны қазақтың сана-сезіміне сай бейімдей қолданған.

Маңызды еңбектердің тағы бірі – **«Жан жүйесі және өнер таңдау»** деп аталады, ол еңбек 1926 жылы жарыққа шыққан. Бұл кітап таза практикадан тұратын, яғни сол заманда-ақ Жүсіпбек Аймауытұлы анкета алу, социалистік зерттеу жүргізу сияқты әдістерді ұтымды қолданған. Кітап аты атап тұрғандай, еңбек психология, педагогика және әдістеме деген үш алып саланы біріктіріп тұр. Кезінде ғылыми ортада жоғары бағасын алған еңбек әлі өзекті, сонымен қатар қазір де тәрбие мәселесінде басшылыққа алуға болатын кітап.

«Өзге білімдер затшылыққа табан тіресе, аяғын нық басқан жоқ. Қарапайым адамға жұмбақ сықылды көрінетін талай нәрселер псиқолоғияда қаралады» деген алғысөзімен басталатын Жүсіпбектің кітабы жайлы сөз соңында айтып отырғанымыз бекер емес. Өйткені **«Псиқолоғия»** **(«Психология»)**

атты еңбегінің салмағы ауыр, маңызы өте жоғары. Кітап 1926 жылы басылып шыққан. Бұл қазақша басылып шыққан осы саладағы тұңғыш еңбек екенін де еске салғымыз келеді. Кітапты оқи отырып Аймауытұлының әдеби кейіпкерлері психологиялық тұрғыдан неге күрделі екенін ұғамыз, өйткені автор адам психологиясын жете біліп, тереңнен зерттеген. Ғылыми теорияны қазақ танымына, жанына қарай бейімдей алғандығымен, қазақ топырағында бұрын-соңды сол кезде ешкім бұл мәселені көтермегенімен, психология саласындағы терминдерді қалыптастырғанымен және әлі отандық психология саласындағы ғалымдар осы кітапты бір парақтамай өтпейтінімен құнды.

Қазақта ғылым қашанда болған. Ғылыми терминдер атауын да толық қазақ тілінің табиғатына сай беруге әбден болады. Көптеген саладағы алғашқы ғылыми еңбектер жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде жазыла бастаған. Бұл сөзімізге қос арыс Мағжан Жұмабай мен Жүсіпбек Аймауытұлының еңбектерін талқылай отырып көз жеткіздік. Екі алыптан бөлек Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Нәзір Төреқұлұлы, Қошке Кемеңгерұлы, Елдос Омарұлы секілді көптеген алаш арыстары қазақ ғылымына іргетас боларлық мол мұра қалдырып кеткен.





БАЛА АСЫРАП АЛУ – ЖАУАПТЫ ІС

Отбасы – әр бала тұлға ретінде қалыптасып, алғаш қоғаммен қалай байланысу керегін үйренетін ортасы. Қазақстан Республикасы да тағдыр тауқыметін көрген бүлдіршіндер санын азайтып, олардың толыққанды отбасында тұруына жағдай жасайтындай саясат ұстанады. Өз қалауымен жас күнінен қиындық көрген балаларды қамқорлығына алған бейбіт күн батырларының әңгімесін назарыңызға ұсынсақ дейміз. Олар: он бір баланың әкесі «ДОМ» қоғамдық қорының қызметкері, «Маған аспанды көрсетші» кітабының авторы Мұрат Қабылбаев пен он үш баланың анасы, «Ана үйі» ресурс орталығының координаторы, күміс алқа иегері Құралай Жұмабекқызы.

МҰРАТ ҚАБЫЛБАЕВ:
ЖЕТІМ БАЛА БОЛМАСА ЕКЕН ДЕЙМІН

Балалар үйі туралы көп білуіме қарындасымның курстасы әсер етті

Қарындасым студент кезінде бірге оқитын курстас қызын үйге ертіп әкелді, ол қыз жетімдер үйінде өскен екен. Сонда мені таңғалдырған нәрселер болды: жаңағы қыз қарапайым заттарды білмейді, істей алмайды. «Әке-шешелеріңмен бірге отырып теледидар көресіңдер ме?», «Олармен бірге бір үстел басында отырасыңдар ма?» дегендей қызық сұрақтар қойды. Сол күні кешкі аста бәріміз үстел басында отырдық, бірақ қонағымыз ата-анамыз үстелден тұрып кеткенше тамаққа қолын созбады. Бұл қылығын түсінбеген едім. Ол қысылып отырған шығар деп ойладым. Неге олай істегенін кейін түсіндім. Балалар

үйінде армандағаны дәл қазір алдында, яғни толық отбасында отыр. Талай түн осыны ойлап жылады ма екен? Осы оқиғадан кейін жетім балалар мәселесіне қызыға бастадым. 2001 жылы үйлендім, 9 жыл бойы сәби сүйе алмадық. Негізі әйеліммен некелескенде бір немесе екі, үш баланы асырап аламыз деген ниетіміз болған. Содан кейін дүниеге ұлымыз келді. Баламыз 1 жасқа толғанда ниетімізді іске асыруға бел будық. Сол жылы алғашқы төрт баламызды асырап алдық. Көбі біз сияқты бірден он баланы асырап алсақ дейді, тек ол дұрыс емес. Бір мезетте барлығын алған жоқпыз, біртіндеп алдық. Алдымен төртеуін, содан кейін үшеуін, 3 жылдан кейін тағы үшеуін, 2 жылдан кейін тағы екеуін асырап алдық. Бұл жерде мынадай мәселе болды: бірінші алған балаларымызды өзіміз таңдадық, кей кезде алуымызды өтінген адамдар болды, балалар үйі жабылып, балаларға қысым көрсетіліп жатыр дегендер болды, сол балаларды алдық. Асырап алған әр баланың өз оқиғасы бар.

Қазақстанда бала асырап алу машақаты көп жұмыс емес

Қоғамда елімізде бала асырап алу қиын деген түсінік барын білемін. Бұл шындыққа жанаспайды. Бұдан ары жеңілдетуге де келмейді. Негізгі керек құжаттың бәрін Egov-тан аласыз. Кандидат міндетті түрде медициналық тексерістен өтуі керек. Жұмыс орнынан анықтама өткізесіз. Кейде мінездеме сұратып жатады. Үйленген немесе жалғызбасты әйелдерге береді, жалғызбасты еркекке бермейді. Сотталмаған, тұрақты жұмысы болуы шарт. Дәстүрлі некеде тұрмағандарға, азаматтығы жоқтарға, психо-нарко диспансерде тіркеуде тұратындарға баланы тапсырмайды. Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар, жетім балаларды асырап алу түрлері: қамқорлыққа алу, патронат (жетім балаларды мемлекеттік мекемелердің қаржысымен қызмет иесі отбасында тәрбиелеудің бір түрі), асырап алған отбасы. Қамқорлыққа алу Білім басқармасы басшысының бұйрығымен іске асырылады. Сот асырап алу туралы қаулы шығарады. Патронат және бала асырап алатын отбасы үш жақты, яғни білім бөлімі, балалар үйі және ата-ана арасында келісім жасасады. Көбіне қамқорлыққа туысқандары алады немесе көп жағдайда қамқорлыққа алуды өтпелі кезең қылып алып, ары қарай асырап алу үшін сотқа жүгінеді. Тағы да айтып өтейін, бала асырап алу – дайындайтын құжаты көп, тым ұзақ процесс дегендері өтірік. Қиын дейтіндеріне мына нәрсе себеп: көбі үлкен балаларды емес, екі жасқа толмаған, жаңа туған сәбиді асырап алғысы келеді. Әттең-ай демеймін,

қайта осылай болғанына қуанамын, мұндай жастағы балалар жоқтың қасы, өте аз. Балалар үйіндегі тәрбиленушілердің дені он жаста немесе одан ересек. Бір отбасынан шыққан балалар да кездеседі.



Кандидат екі баланы таңдады. Бәрі дұрыс болатын. Екі сағаттан кейін бізге балалар үйінен хабарласып, балалар бас тартты деді. Мұндай жағдай көп. Туысқандары басқа отбасына кеткенін қаламайды және, әрине, балалар үйінің қызметкерлері солай істеуге итермелейді. Балалар қызметкерлердің жеке мүдделерінің тұтқынында қалады.

Алысқа бармай, жеке басымнан өткен нақты жағдайды айтқым келеді. Балалар үйінен екі баланы алып келдік. Балалар үйі қызметкерлерінің толассыз қоңырауларынан кейін, жаңағы екі бала қайтадан сол жаққа қайтамыз деді. Мен оларды байлап ұстап отыра алмадым. Қысқасы, өз басымнан да мұндай жағдай өткен. Қазір асырап алынған әр балаға (қамқорлыққа алған, патронат, асырап алған отбасы) өкімет 30 180 теңге төлейді.

Көмек сұрап жүгінетіндер көп

«Добровольное Общество Милосердие» қоғамдық қорында жұмыс істеймін, қорды Аружан Саин басқарады. Тағы бір айта кететін нәрсе бар: балалар үйінің қызметкерлері, тәрбиешілері балаларды асырап алуға қарсылық білдіріп жатады. Мынадай жағдай болған: бірде кандидатпен төрт балалар үйін араладым. Кандидат баланы таңдады. Бала да келісті. Бірнеше күннен кейін балалар үйінен хабарласып, бала келісімнен бас тартып отыр деді. Балалар үйін аралау барысында бір мекеменің директоры бар шындықты айтқан еді. «Күндіз мен директормын, ал кешке тәрбиешілер директорға айналады. Егер ертең балалар бас тартып жатса, таңғалмаңдар» деді.

Бізді де айыптағандар болды

Қазір жеке басының қамы үшін бала асырап алады деген қаңқу сөз бар. Мұндайды өзім де естігенмін. Бірақ мұның бәрі тым күлкілі, өйткені қазіргі экономикалық жағдайда берілетін ақша теңізге тамған тамшыдай ғана. Бала асырап алған көпбалалы отбасы қалай күн көріп отырғандарына өзім де таңғаламын. Біз май, ет, сүт сияқты өнімдерді сатып алмаймыз, өзіміз мал ұстаймыз, сол көп көмектесіп отыр. Бақшамызды саламыз. Ал қалада тұратындар не істей алады? Өкімет берген ақшаға қалай өмір сүреді? Асырап алған отбасыларды, патронаттар мен қамқоршы болғандарды жеке басының пайдасы үшін жасап отыр деп өз басынан осы жағдайларды өткермегендер ғана айтады.

Бала құқығы мен жан саулығы әрдайым басты орында тұруға тиіс

Асырап алушы, қамқоршы заңды түрде баланың қауіпсіздігі мен білім алуына, баланың психологиялық жағдайына толық жауап береді. Асырап алушы отбасы, қамқорлығына алушы, патронат отбасы қамқоршы органға жылына 2 рет қаржы шығыны мен баланың денсаулығы туралы есеп береді. Бала құқығы дегенде ең алдымен қауіпсіз орта, барлық жағдайын жасау, жайлы өмір сүруі, білім алуы, интелектуал және физикалық дамуы ойыма келеді. Міне, балаға осының бәрі жасалуы керек. Сонымен қатар асырап алған жандар басында психологиялық тұрғыдан дайын болмай ма, әйтеуір баланы қайтарып жататын кезі болады. Бұл неткен ауыр екенін білесіз бе? Баланың екінші рет тастанды болғаны – қатты психологиялық соққы. Мұндай жағдай қайланбау үшін кәсіби тексеруді енгізуіміз керек. Бұл да баланың құқығын қорғауға, психологиялық тұрғыдан сау болуына әсер етеді. Міндетті түрде әр кандидат асырап алушы мектебінен өтеді. Бұл бағытта «Ана үйі» үлкен жұмыс атқарып жатыр. Тек бұл жеткіліксіз. Заманауи және қарқынды түрде кәсіби негізде кандидаттарды мүмкіндіктеріне сәйкес келетін етіп таңдау керек. Негізі, жетім болмаса екен деймін. Ол үшін қиын жағдайға тап болған отбасылардың мәселесін ертерек анықтау керек. Бізде ол нәрсе жолға қойылмаған. Отбасы әркімнің өз шаруасы дегендей, ең соңында бәрі ушыққанда ата-ана құқығынан айыру ғана қалады. Бәріне ерте бастан қамданып, кешенді түрде жұмыс істеуіміз керек.

ҚҰРАЛАЙ ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ:
БАЛА АСЫРАП АЛУ ҮШІН КӨП НӘРСЕГЕ ДАЙЫН БОЛУ КЕРЕК

Жолдасым екеуіміз бес баланы асырап аламыз деп шештік

2016 жылы бала психологы ретінде тренер болғанмын. Асырап алушы ата-аналар мектебін аштым. Кандидаттарды оқыттым. Балалар үйіне бардым. Балалармен, ата-аналармен сөйлесетінмін. Бала асырап алу үшін көп нәрсеге дайын болып, баланың психологиялық жағдайын бақылау керек. Отбасына бейімделуі қалай болады, соны да байқау керек. Жолдасым екеуіміз ақылдаса келе, 5 баланы асырап алуға шешім қабылдадық. Басында 2 бала аламыз деп ойлағанбыз. Андрейдің досы бар екен, ол досынан айырылғысы келмеді. Досының қарындасы бар еді, оны да алдық. Ол қыздың құрбысы бар, оны да қосып алдық. Бір-бірінен айыруға келмеді. Бөлек кететіндерін білгенде көңілі түсіп, жылап, қиын жағдай болды. Сөйтіп, жолдасым екеуіміз бәрін асырап алуға бел будық. Біз оларды қаржылай пайда көреміз деген ниетпен алғанымыз жоқ, өздерінің ата-аналарын тауып алуға көмектескіміз келді. Өйткені балалар ата-аналары туралы жақсы сөз көп айтатын, оларға деген махаббаты ерекше еді. Әттең, біз олардың ата-анасын тапқанда, балалар олардың жанында қала алмайтындарын түсіндік. Балаларға жағдай жоқ. Біз ойлағанды олар іске асыра алмайтын. Екі жақтың келісімімен балалар біздің жанымызда қалып, білім алды, жұмыстарын істеп жатыр.

Бірінші кезекте баланың жағдайы жасалуы керек

Мемлекеттің көмегі жәрдемақы түрінде беріледі, 10 АЕК болады. Қазір оныңыз 31 мың теңге. Әрине, бұл сома жетпейді, сондықтан жеткіліксіз деп дабыл қағып жатырмыз. Патронат ата-аналардың жалақысын да қысқартып тастады. Балалар арқылы байып кетемін дегендер қателеседі. Бұл ешқандай бизнес емес. Біз асырап алушылар мектебінде осыны міндетті түрде айтамыз. Бірінші кезекте баланың жағдайы жасалуы қажет. Бала мемлекеттен және отбасынан барлық қажетті дүниелерді алуы керек.

Балаларға берілетін жәрдемақы 23 жасқа дейін ұзартылуы керек

Біз 2016 шыққан заңға сүйеніп, алғашында қабылдаушы отбасы болдық. Жолдасым қайтыс болғаннан кейін патронат тәрбиелеуші болдым. Асырап алушы отбасы клубының жетекшісімін. Бәріміз әңгімелесеміз, тәжірибелерімізді

ортаға саламыз. «Балаға қалай жақсы тәрбие береміз?» деген басты сұрағымызды талқылаймыз. Жай ғана тәрбие беру емес, қауіпсіз тәрбие, ары қарай дамыту сияқты мәселелерді пысықтаймыз. Асырап алушы отбасы немесе патронат тәрбиелеуші болса да, өкімет жәрдемақыны, жалақыны 18 жасқа дейін ғана төлейді. Кәмелет жасына толғаннан кейін асырап алған отбасында ары қарай не істеміз деген үлкен мәселе туады. Қазір біз балаларға берілетін қаржылай көмек 23 жасқа дейін ұзартылуы керек деп жатырмыз, өйткені көптеген балалар 18 жасында оқуы аяқталмаған, жұмысы, үйі жоқ күйінде қалады. Ары қарай өмір сүріп кетулері өте қиын.

Жетім мен жесір көп болмасын десек...

Қазір өмірден теперіш көрген әйелдер көп. Олар тіпті балаларына тамақ та тауып бере алмай отыр. Жөнді жұмысы жоқ, жалдамалы пәтерде тұрады. Дұрыс жұмысқа тұрайын десе, қолында дипломы да жоқ. Мұндай жандарға арнайы мекемелер қажет, бірінші кезекте психологиялық көмек көрсетілуі керек. «Ана үйінде» жетекші болып жүрген соң, көптеген аналармен кездесіп жүрмін, жағдайлары сондай нашар болғандықтан, балаларын сатып немесе сұраған адамға бере салуға дайын. Осындай жағдайларды болдырмау үшін біз оларды еңбекке үйретіп, осы мақсатта еріктілерді жүгіндіріп жатырмыз. Бұл жерде ананың өзі ресурс тауып, өкіметтің көмегінсіз баланы асырай алатын жағдайға жетуі керек. Сол үшін барлық күшімізді осы бағытта жұмсауымыз қажет. Президент Тоқаев дұрыс айтады, әлеуметтік отбасылық картаны енгізуіміз керек. Картада барлық ақпарат жазылып тұрады. Соған қарап, қандай көмек көрсете алатынымызды білеміз. Мұндай әйелдер әлеуметтік көмек ала алмайды, өйткені олардың тұрақты тіркеуі жоқ. Жалдап отырған пәтерлері екі-үш айда ауысып тұрады. Дұрыс жұмысы жоқ, оларды ешкім алғысы келмейді. Жергілікті атқарушы мекемелер осы кезден бастап дабыл қағуы керек.

БАҚЫТТЫ ЕЛДІҢ БАЛАСЫ

Тұрарқызы Дария,
Ақтөбе қаласы,
№49 ЖББОМ 10-шы сынып оқушысы

Ең бірінші бақытым – Халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын,
қор болмаймын,
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.

Өзімнің мақаламды Мұқағали Мақатевтың осы шумақтарынан бастағым келеді. Себебі еліміздің дарынды ақыны бақыт сөзінің бар мән-мағынасын бір шумаққа сыйдырып жібергендей. Біз оқушылар үшін табысты оқып, үйлесімді даму үшін барлық жағдай жасалған. Тек жалқау болмау керек! Тек білмегенді үйреніп, білім нәрін сіңіре берсек болғаны, өйткені біз – егеменді Қазақстанның болашағымыз.

Мектепті бітіргеннен кейін біз грантқа түсуге, жоғары оқу орындарында тегін оқуға мүмкіндігіміз бар. Біздің алдымызда барлық жолдар ашық. Біз ата-аналар мен мұғалімдердің үмітін ақтауға тырысуымыз керек деп есептеймін. Мен және менің құрдастарым үшін оқуға жақсы жағдай жасалған. Менің мектебім заманауи, әдемі. Компьютер сыныбы мен жылдам интернеті бар. Жастардың білімі біздің еліміз үшін қаншалықты маңызды екенін мемлекет те түсінеді.

Тәуелсіз еліміздің болашағын бағдарлау мақсатында Қазақстанның президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялаған еді. Әрине, бұл саналы қағида әрі уақытылы қабылданған шешім. Себебі балаларға қазір мән бермеу еліміздің ертеңіне салғырттық танытумен тепе-тең келер еді.

Мемлекет басшысы «Бала жылын ұрандатып айту мен мерекелік іс-шараға айналдырмай, бүлдіршін баладан, күні ертең азамат атанар жасөспірімге дейін бейбіт әлемде өмір сүріп, бақытты балалық ғұмыр кешуіне тырнақтай болсада ықпал етуге айналдыру керек», – деп ескертті. 2021 жылы Парламент Мәжілісі «Бала құқығын қорғау мәселелеріне қатысты Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады.

Қазіргі жаһандану қарқыны үдеген уақытта бала тәрбиесіне қатысты ұлттық ұстанымдардың осалдау болып тұрғаны да шындық. Ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлының «Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең – құл болмақшы» деген даналығы бар. Ата-бабаларымыз өскелең ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, ұлттың болашағы ретінде бағалаған.

Бала тәрбиесіне ерте жастан мән беру арқылы оның болашақта үлкен, толыққанды тұлғаға айналу процесі қарқынды жүреді. Сондықтан да халқымыз балалардың бойына еңбексүйгіштік, қиындыққа төзе білу, ел намысын қорғау, ата тегін білу, сөзді қастерлеу, тапқырлық пен алғырлық, салт-дәстүрді бұзбау, жасы үлкенді сыйлау, кішілерге қамқорлық көрсету сынды құндылықтарды ерте жастан сіңірді. Қазіргі таңда да оқушылардың біліммен қатар олардың тәрбиесіне аса мән беріліп отыр.

Сонымен, балалардың мүддесі үшін мемлекеттің негізгі мақсаты айқындалды. Олар балалардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу, бұзушылық жағдайларында олардың құқықтарын қалпына келтіру, бала құқықтары кепілдіктерінің құқықтық негіздерін қалыптастыру және балалардың физикалық, зияткерлік, рухани және адамгершілік дамуына жәрдемдесу. Міне осы бағыттағы нәтижелі жұмыс жүргізілетін болса, Қазақстандағы әр оқушы өзін бақытты сезіне алады.

Жалпы әлемде болсын, елімізде болсын баланың өмір сүруге, денсаулығын қорғауға, тұрғын үйге, білім алуға, мемлекеттік көмек алуға құқығы бар. Сонымен қатар, баланың негізгі құқықтарына отбасында өмір сүру және тәрбиелеу, ата-аналарымен бірге тұру, ата-аналардың тәрбиесі, ал олар болмаған немесе ата-ана құқықтарынан айырылған кезде

Ел ағалары балалардың тыныс-тіршілігімен танысып, жетістіктеріне қуанып, болашаққа бағыт-бағдар сілтеп, әр жағдайға көңіл алаңдататыны өте қуантады. Бұдан бөлек балалар арасындағы зорлық-зомбылық, буллинг пен кибербуллингке жол бермеуге, балаға лайық жағдай жасауға көңіл бөліп келеді. Ерекше қажеттілікері бар балалар да сырт қалмай отырғанын да айтпай кетпеске болмас. Себебі қазақ халқы әр баланың тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Бала қамын ерте жастан бастап ойлау, оның тәрбиесіне аса мән беру білімді әрі тәрбиелі ұрпақты қалыптастырады. Халқымыздың бала тәрбиесіне осындай ерекше мән бергендігі талантты жандардың көптеп қалыптасуына жол ашса керек-ті.

қорғаншының, қамқоршының немесе балалар мекемесінің тәрбиесі, жан-жақты даму, адамның қадір-қасиетін құрметтеу, ата-анасымен, әжесімен, атасымен, ағаларымен, әпкелерімен және басқа туыстарымен қарым-қатынас жасау, өз пікірін білдіру, тегін, атын, әкесінің атын алу, өмір сүруге және қаражат алу кіреді.

Дүние жүзіндегі Балалардың құқықтарын қорғайтын басты құжат «Бала құқықтары туралы Конвенция» саналады. Оны 1989 жылғы 20 қарашада Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдады. Осылайша балалар да алғаш рет құқық субъектісі деп танылды. Бала құқықтары туралы конвенцияны 190 ел ратификациялады, оның ішінде Қазақстан да бар. Біздің мемлекет бұл құжатқа 1994 жылғы 8 маусымда қол қойды.

Сондықтан да біздің елде бала, оның ішінде оқушылар құқықтары толық қорғалған деуге болады. Мысалы, еліміздегі әрбір бала білім алуына мүмкіндік беретін мектептер бар. Сондай-ақ денсаулықты шыңдау үшін спорттық нысандар да салынып жатыр. Мысалы, 2021 жылғы 1 мамырдан бастап елімізде балалардың бұқаралық спорты мен шығармашылығын дамыту үшін жан басына шаққандағы қаржыландыру енгізілді. Нәтижесінде қазір 500 мыңнан астам бала спорттық және шығармашылық үйірмелерге тегін барып жүр.

Осыған қоса Қазақстанда әрбір бала тегін медициналық көмек ала алады. Оның ішіне заманауи және тиімді қызметтерді, сондай-ақ ауруларды емдеу және денсаулықты қалпына келтіру құралдарын, денсаулық сақтау саласындағы білім беруді, медициналық тексерулер мен динамикалық байқауды, емдеуді, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді және сауықтыруды пайдалануға құқылы. Сондықтан оқушылар да

жас кезден салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен шұғылданып, өз денсаулығына үлкен мән беру керек.

Қазақтың әр баласы ата-бабамыздың салтына тән тәлім-тәрбиеге сусындап, отбасында мейірімге толы, салт-дәстүрмен тәрбиеленіп өссе, онда болашақта елі мен жеріне қызмет ететін жақсы азамат болатыны анық. Халқымыздың атақты да дарынды ақыны Мағжан Жұмабай «мен жастарға сенемін» деп жырлап өткендей, бізге мол сенім артылған. Біз сол жауапкершілікті тереңінен түсініп, Қазақстанды көркейту жолында пайдалануымыз қажет.

Біз бақытты ұрпақпыз деп толық сеніммен айтуға болады. Себебі тәуелсіз, егеменді елде туып-өстік. Қазір әлемдік деңгейде бәсекелесе алатын білім алып, тәрбиеленіп жатырмыз. Қазақстандағы әр бала ел мерейін асыратын, дарынды, білімді, өнерге құштар, дені сау, бақытты болып өсіп жатыр деп ойлаймын. Себебі қай кезде де мемлекет баланың үздіксіз дамуына толық көңіл бөліп отыр. Бақытты елдің баласы Отанымыздың символына айналған қар барысындай болуға тиіс.

Біз қазір әлі оқушымыз, бірақ қазірдің өзінде болашаққа жоспар құрып, мемлекетке пайда әкелуді, Отанымыздың абыройын арттыруды армандаймыз. Мектептен түлеп ұшқанда жас ұрпақ жақсы оқу, мейірімді әрі жомарт болу, қарттар мен құрдастарды құрметтеу сияқты қасиеттерді бойына сіңіріп шықса нұр үстіне нұр болар еді. Меніңше, дүниежүзіндегі, оның ішінде Қазақстандағы бейбітшілік пен келісім – бұл әр адам үшін ең маңызды нәрсе. Мен өз болашағыма сеніммен қараймын, оның жарқын әрі бақытты болатынына сенімдімін!

ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ, СӨЗ – САРАСЫ

Сөзден маржан тізу – қазақ халқының ежелден құрметтеген өнері. Сөз құдіретін ертеден жете түсінген халықтың өрендері де қаламға құмар келері анық. Сондай жастың бірі – Шерездан Нұрдәулет. Ол Шымкент қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясының 11«Е» сыныбында оқиды. Сонымен қатар Оқу-ағарту министрлігіне қарасты Балалардың құқықтарын қорғау комитеті жанындағы Республикалық Балалар өкілдіктері кеңесіне мүше. Өз аймағы бойынша балалар құқығы қаншалықты сақталып жатқанын, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасындағы балаларды, балалардың мемлекет, қоғам және бала әл-ауқатын жақсартуға үлес қосатын жобаларын анықтап, оларды тиісті орындарға жеткізу секілді көптеген істі сабағымен қатар алып жүрген өрен.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін сүйіп оқитын Нұрдәулет осы уақытқа дейін көптеген жыр байқауларына қатысып, талай мәрте жүлдегер атанған. Мәселен, І.Жансүгіров оқуларындағы «Сұлу сөздің сүлейі» номинациясы бойынша қалалық кезеңде І орынды, республикалық кезеңде ІІІ орынды қанжығасына байлаған.

Жыр додаларынан бөлек республикалық XIV «Зерде» ғылыми жобалар байқауында I орын алған, Б.Өтемұратов қоры ұйымдастырған «Jas leader akademiiasy» жобасының ақтық мәресіне жеткен. НЗМ мектептері ұйымдастырған «Ted talks», «Readex» жобаларының спикері болған.

Мектептегі қоғамдық жұмысқа 7-сыныптан бастап қатысып келеді. Сол жылы «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығының «Самұрық» шаңырағының көшбасшысы болған.

Жас талант әрі белсенді Нұрдәулет: «Басты мақсатым – балалар құқығының қорғалуы мен қауіпсіз болуына үлес қосу, балалардың ойын, пікірін, қалауын жауапсыз қалдырмау. Көмекке мұқтаж балаларға қол ұшын беріп, олардың проблемасына назар аудару», – дейді.

«Болам деген баланың бетін қақпа, белін бу» деп дана қазақ халқы айтпақшы, жас талант Нұрдәулеттің жыр шашуын өздеріңізге ұсынып отырмыз.

Туған жер

Қасиет тұнған туған жер, атыңнан сенің айналдым,
Өзіңді, елім, жырақта жүріп ойға алдым.
Бала арман, пәк көңіл, таза ниетпен
Сен жайлы жырлайын деп қалам алдым.

Асқар тау белден, жүйріктей ескен самалдан,
Жалықпас едім сұлулығына қараудан.
Алатау мені өзіне қарай шақырып,
Қорғайтындай өмірде барлық бораннан.

Бабама құт, әулетіме бақ қонған жер,
Туған, өскен, кіндік қаным тамған жер.
Сарқырап аққан ағысты өзен Ақсудың
Жағасына кеп бақытын ол тапқан ел.

Табиғат та сенде, байлық та сенде, бақ сенде,
Осыны білмей өмір сүріп жүр көп пенде.
Талайды шарлап сендей жерді таппадым,
Ауыз бармас өзіңдей ел бар деуге.

Туған жер біреу, кіндік қан тамған мың ұрпақ,
Туған жер сенің туыңды жүрміз тік ұстап.
Тағдырым мені толқытып шетке жіберсе,
Топырағыңды алып кетермін мен уыстап.

Абай

Ақын көп біздің халықта, біз де бармыз
Ал біз қалай өлеңнен қалысамыз?
Құрай алмас ұйқасты бір қазақ жоқ
Айтыс десе сөзбенен алысамыз.
Қара өлең, қара сөздің шын иесі –
Дана Абай жолын да пір тұтамыз.

Дана ой, қатты сын һәм өлеңі
Надандықтың елшісін нық көмеді.
Қырық бес түр қара сөз мына сенің
Қазақ деген рухыңа бақ береді.
Жалғыз Абай қазақтың өлеңінде
Бір қопарып тастайтын тас төбені.

Жарқын бейне танитын барша қазақ,
Ақылы мен сөздері, өзі ғажап.
Қазақтың қара өлең әдебиетін
Абай ата біздерге кетті жолдап.

Өтті, міне, бір ғасыр және тағы 75 жыл
Абай салған дара жол бүлінбей тұр.
Соңынан ерген қаншама топ ақындар!
Ей, жас ақын, сол жолмен сүрінбей жүр!
Абайға еліктеген қаламыңнан
Әрқашан шын ниеттен төгілгей нұр.

Бойында қазақ рухы оттай жанып,
Абайдың жаққан шамы өте жарық.
Қазақта батыр да, бар ақын да бар
Өлеңде – тек бір бейне «Абай алып».

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМНІҢ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ РУХТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

З.С. Садыкова, М.Мамыраев атындағы МИ, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары; А.Б. Даутбекова, Г.Мұстафин атындағы мектеп, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Аңдатпа

Бұл мақалада оқу-тәрбие үрдісінде жас ұрпақтың бойында отанға , туған еліне деген сүйіспеншілік сезімін дамыту, ұлттық сананы, Қазақстандық патриотизмнің негізгі құндылықтарын қалыптастырудың жолдары қарастырылған.

В статье рассматриваются пути формирования основных национальных ценностей - развить любви к Родине, к своему народу в процессе обучения и воспитания подрастающего поколения.

Қазақстандық патриотизм – көп ұлтты Қазақстан халқының өзін-өзі тануының күрделі жолы. Өзін – өзі тану өзіндік даму үрдісі арқылы жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгеруге, бағалауға алып келеді. Ең бастысы – жас ұрпақ бойында Отанға, туған еліне деген сүйіспеншілік сезімін, санасын қалыптастыру. «Отан – отбасыдан басталады» дейтін дана халқымыздың сөзіне еш шүбә келтірместен, елін сүйген баланы тәрбиелеп шығару үшін, Отанның қадірін туғаннан бастап бала санасына сіңіруіміздің қажеттілігін айқындау- уақыт талабы болып отыр. Еліміздің ұлттық білім беру жүйесінде «Қазақстан патриотизм» ұғымы қолданылып келеді. «Қазақстандық патриотизм» арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, мемлекет, туған өлке, халқы туралы түсініктер оқу-тәрбие үрдісінде, сабақтан тыс шараларда Отансүйгіштік сезімді дамыту, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, ана тілін қадірлеу сияқты сезімдерді оқушылар бойында қалыптастыру жүзеге асырылады[1]. Сондықтан Отанды сүюді қалыптастыру әр баланың отбасынан да, уақытының басым көпшілігін өткізетін мектеп керегесінен басталатындықтан, жас ұрпақты Қазақстандық патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу басты парызымыз болып саналады. Негізінде,

Отан деген киелі ұғымды санаға сіңіру, әр адамның туған жерінен, өз еліне деген сүйіспеншілігінен бастау алады. Отансүйгіштік пен патриотизм бір–бірімен астасып жатқан ұғымдар. Ұрпақ тәрбиесі қашаннан өз мәнін тұғырда ұстайды. Қай заманда, қай қоғамда болмасын адам баласы ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген. Өркениет жолында алға ұмтылған, ұлт ең алдымен келешек ұрпаққа оқу-білім және тәрбие беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Ұлттың бүгіні де, болашағы да тәрбиелі ұрпақпен тұтасып, байланысып жатады. Барлық жағынан қалыптасқан ұлттың санасында, түсінігінде, болмысында, өзіне тән ерекшелік менталитеті болатынын ғылым дәлелденген. Қазіргі таңда тәуелсіз еліміздің ертеңгі тізгінін ұстар азаматтарына жан–жақты өнегелі тәрбие беру-қоғамымыздың алға қойып отырған басты мақсаттарының бірі[2]. Мектеп жеке тұлғаның рухани жан дүниесі мен адамгершілік қасиетінің қалыптасуына жүйелі жолға қойылған оқу-тәрбие беру негізінде қол жеткізеді. Демек, бала тәрбиесі – Отан мен ел мүддесі. Бүгінгі өскелең ұрпаққа ғаламдастыру дәуірінде өз халқының төл мәдениеті, тілі мен салт-дәстүрін әр оқушының бойына сіңіре отырып, отансүйгіштікке баулу қазіргі оқу-тәрбие жүйесінің өзекті мәселесі. Тәуелсіз еліміздің болашағы жас ұрпақты шыңдап өсіру, білікті азамат болып қалыптасуын қамтамасыз ету бүгінгі таңда ең басты мақсат болып табылады. Өйткені еліміздің болашағы жас ұрпақ - ұлттық сана-сезімі оянған, адамгершілігі және рухани ойлау дәрежесі жоғары дамыған, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, салауатты, бойында жоғары патриоттық санасы, өз елі үшін мақтаныш сезімі қалыптасқан азамат

етіп тәрбиеленуі тиіс. Мектептегі өскелең ұрпақ – болашақ Қазақстан азаматы. Олар ескінің көзіндей, жаңаның өзіндей болып XXI ғасырда дүниежүзілік мәдениетті танитын, өзін сыйлата алатын, рухани дүниесі бай, интеллект деңгейі жоғары, білімді де білікті болуы шарт. Сонымен қатар, тәуелсіздігіміздің тірегі – білімді, әрі саналы, парасатты, жан-жақты мәдениетті, еліміздің еңсесін өркениетке жетелейтін патриот азаматтарымыздың қатары артуы қажет. «Патриотизм» -ғасырлар бойы жинақталған ең терең сезімдерінің бірі. Отанға деген сезім болмаса, патриот болу мүмкін емес. Біздің ата-абабаларымыз Отанын сүйіп, елді, жерді барлық жаулардан қорғап, бүгінгі ұрпаққа сый ретінде ұсынды десек те болады. Отанның гүлденуіне және оны қорғауға деген патриоттық сезім адамда өзінен өзі, не болмаса туа пайда болмайды. Ол ерте жастан адамға әсер ететін, ұзақ мақсатты түрде бағытталған тәрбиенің қорытындысы. Патриотизм - ортаның, отбасындағы тәрбиенің, мектептің, мектепке дейінгі мекеменің және түрлі қоғамдық ой-пікірлердің әсер етуімен қалыптасады. Патриоттық тәрбие берудің басты бағыты – Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы мен еліміздің мемлекеттік нышандарын: Әнұранын, Туын, Елтаңбасын оқушыларға үйрету және орындату мәселелері. Еліміздің Конститутциясын бұлжытпай орындау, мемлекеттік нышандарға құрметпен қарап орындау, құқықтық–саяси және этикалық әдет–ғұрып мәдениетін тәрбие беруде оқушы бойына сіңіруді қалыптастырады. Осы тұрғыда білім мен тәрбиенің қос арналық қасиеті туралы белгілі ғалым-жазушы Ақселеу Сейдімбек өз ойын біртұтас мәнді методологияның қағидасымен көрсеткен. Ол: «Бұл қос арнаның тәрбие саласы былайша алып қарағанда, әрі кластан тыс, әрі мектептен тыс жұмыстарды



қамтитындай, мектеп туралы сөз – жас ұрпақты өз ұлтының мәдени-рухани мұрасын игертуге баулитын, өз елінің тағдырына сергек қарайтын азамат етіп тәрбиелейтін білім жүйесі туралы сөз болуға тиіс» деп жазады.

